

Келісілді

Қамқоршылық кеңес төрағасы

 А.Абишева

«Бекітемін»

Шейх Халифа бен Заид әл Нахаян атындағы

№84 мектеп-лицей директоры

 Нугуманова С.Б.

28.08 .2024 жыл

2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН

МЕКТЕПТІҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖОСПАРЫ

МАЗМҰНЫ

- I. 2023 – 2024 оқу жылындағы оқу-тәрбие іс-әрекетіне талдау
- II. 2024 – 2025 оқу жылының мақсаттары мен міндеттері
- III. Мектептің жұмыс циклограммасы
- IV. Мектеп жасындағы балаларды жалпыға бірдей міндетті оқумен қамту
- V. Мемлекеттік білім беру стандартының орындалуы
- VI. Мектепшілік бақылау мен басқару
- VII. Педагогикалық кеңес жоспары
- VIII. Директор жанындағы мәжіліс
- IX. Әдістемелік жұмыс жоспары
- X. Тәрбие жұмысы жоспары
- XI. Психологиялық қызмет жоспары
- XII. Кітапхана жұмысы жоспары
- XIII. Әлеуметтік педогогтің оқу жылына арналған жұмыс жоспары

I. 2023 – 2024 оқу жылындағы оқу-тәрбие іс-әрекетіне талдау

2023-2024 оқу жылында мектеп «Білім беруді бейіндеу мен жаңарту жағдайында зияткерлік жағынан дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру үшін инновациялық білім беру кеңістігін құру» әдістемелік тақырыбын негізге алып жұмыс жасады.

Мектептің мақсаты: Әр оқушының мүмкіндігін іске асыру үшін мұғалімнің шығармашылығы негізінде жағдай құру, білім үрдісін қамтамасыз етуде мұғалімдердің құзыреттілігін, олардың педагогикалық шеберлік деңгейін үздіксіз жетілдіру.

Жыл басында 2022-2023 оқу жылында атқарылған жұмыстар талданып, соның негізінде әр сала бойынша жаңа оқу жылына жоспар жасалынды. Әдістемелік бағытта пәндер онкүндігі жоспарлы түрде өтті. Педагогтер өзара сабақтастық мақсатында сабақтарға қатысып, талдап, тәжірибе алмасты. Дарынды оқушылармен жұмыс жүйелі жүргізілді. Қыркүйек айында 2-7-сыныптар арасында «Зерде» және 8-11-сынып оқушылары арасындағы республикалық ғылыми жобалар конкурсына сұраныс берілді. Нәтижесінде «Зерде» ғылыми жобалар сайысы бойынша өтініш берген 20 оқушының ішінен 13 оқушының жұмысы плагиаттан өтіп, қалалық кезеңде 6 оқушы грамота, 2 оқушы ІІ орын иеленді. 8-11-сынып оқушыларының ғылыми жобалар конкурсы бойынша өтініш берген 27 оқушының арасынан 23 оқушының жұмысы плагиаттан өтіп, 8 оқушы қалалық кезеңге жолдама алды. Қалалық кезеңнен 1 оқушы- І орын; 3 оқушы – ІІ орын, 1 оқушы-ІІІ орын және 1 оқушы грамота иеленді. 11-сынып оқушысы Калиакпарова Лейла әдебиет секциясы бойынша республикалық кезеңге қатысып, І орын иеленді. Жетекшісі орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Изотова И.В.

Қазан айында мектепшілік пәндік олимпиададан жоғары нәтиже көрсеткен 3-4, 5-6, 7-8, 9-11-сынып оқушылары пәндік олимпиаданың келесі кезеңдеріне жолдама алды. Пән мұғалімдерінің дайындық жұмыстарының нәтижесінде 3-4-сыныптар арасынан қалалық кезеңнен 1 оқушы - І орын, 1 оқушы - ІІ орын, 2 оқушы – ІІІ орын иеленді.

5-6-сыныптар арасында 2 оқушы ІІ орын, 4-оқушы – ІІІ орын;

7-8-сыныптар арасында 2 оқушы – І орын, 4 оқушы – ІІ орын, 5 оқушы – ІІІ орын және химия пәні бойынша республикалық пәндік олимпиададан 8-сынып оқушысы Саулебек Алидан І орын алды. Жетекшісі: Кажекенова Э.А.

9-11-сыныптар бойынша пәндік олимпиаданың қалалық кезеңінен 6 оқушы – ІІІ орын иеленсе, орыс сыныптарындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша 11-сынып оқушысы Бахтиярова Хиллола республикалық кезеңнен ІІ орынды жеңіп алды.

«Алтын түлек» 10-11-сыныптар арасындағы математика олимпиадасының қалалық кезеңінен 2 оқушы І орын, 2 оқушы – ІІ орын, 1 оқушы – ІІІ орын иеленіп, 10- сынып оқушысы Рахимжанова Жанель республикалық кезеңнен ІІІ орын иегері болды. Жетекшісі – Уалкенова К.

Турнир STEM проектов DEMO DAY Республиканского научно-практического центра «DARYN» и “Kazakhstan AmCorners Network” конкурсының (американские уголки посольства США) (март 2024 г.) – 10-сынып оқушысы Рысқали Нұралы І орын, жетекшісі - Ахметова Д.С.

Пәндер бойынша басқа да конкурстарға мектебіміздің оқушылары белсене қатысып, барлығы жүлдегер атанды. Спорт және өнер саласы бойынша да дарынды балалар көптеген нәтижелерге қол жеткізді. "Алтын қазына" республикалық қолөнер байқауының жеңімпаздары бас жүлдені жеңіп алды. 7-сынып оқушысы Гамидова Карина еліміз бойынша велотрек чемпионы, спорт мастерлігінің кандидаты. Бұл оқушының есімі «Жемчужины страны» деп аталатын кітапқа енгізілді.

Наурыз айының 1-і күні мектебімізде «Болашақ технологиясы» тақырыбында қалалық ғылыми-практикалық конференция өтті. Конференцияға Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары: Сарыбаев Галиаскар Тулендинович, Толамисов Амангельды Габдылкаримович, Сатыбалдиев Алишер Журатович қонақ ретінде қатысты.

«Заманауи жаңа технологиялар» тақырыбында мектеп директоры, педагог-шебер, педагогика ғылымдарының кандидаты Нугуманова С.Б. баяндама оқыды.

«Компьютермен өзара әрекеттесуді оңтайландыру үшін пайдаланушының дауыстық интерфейсін әзірлеу» тақырыбында Турарова Маржан Кабдыкалиевна- Еуразия ұлттық университеті ақпараттық технологиялар факультетінің «Компьютерлік және бағдарламалық қамтамасыз ету инженериясы» кафедрасының доценті.

Айткалиева Дана, «Компьютерлік технологиялар және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығының 4 курс студенті; «SMART лаборатории, кабинеты робототехники и программирования как инструменты для подготовки и конкурентноспособных выпускников» тақырыбында -Техника ғылымдарының магистрі, WorsSkills 2019 әлем чемпионатының лауреаты, «Ы.Алтынсарин» төсбелгісі иегері, Астана IT университетінің ақпараттық технологиялар колледжінің директоры Смаилов Данияр Нургалиевич баяндама жасады. Сонымен қатар, мектеп педагогтері жасанды интеллект пен 3D галограмманы қолдану арқылы әр түрлі бағыт бойынша панорамалық сабақтар көрсетіп, тәжірибелерімен бөлісті.

12 сәуір күні ғылым күніне орай оқушылардың ғылым туралы таным көкжиегін кеңейту, сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру арқылы ғылымның әр саласына терең үңілдірту, зерттеу жұмыстарымен айналысу қабілеттерін шыңдау, қызығушылықтарын арттыру мақсатында мектепшілік «Әлемдегі терең сыр ғылыммен ғана ашылмақ...» деген тақырыпта іс-шара ұйымдастырылды. Оған Астана қаласы әдістемелік орталықтың әдіскерлері Баяхметбаевна Күнімбала Изтилеуовна, Айгараева Раушан Ратовна, Амирова Алтынай Бекпаевна және ата-аналар қонақ ретінде қатысты.

Мерекелік күн бастауыш сынып оқушыларының роботтар дефилесі мен Қаныш Сатпаев атамыздың «уақыт машинасы» арқылы осы дәуірге түсуін бейнелейтін мектеп оқушыларының қойылымымен басталды. Іс-шараның екінші кезеңінде «Лидер» оқушылардың ғылыми қоғамының ұйымдастыруымен 5-11-сынып оқушыларының мектепшілік ғылыми жобалар конкурсы, бастауыш сынып оқушыларының жоба жұмыстарын қорғауы және пән мұғалімдерінің әр түрлі форматта дайындаған ғылыми-танымдық сабақтарымен жалғасты. Барлық өткізілген шараларды қонақтар тамашалады, әдістемелік орталық әдіскерлері Күнімбала Изтилеуовна, Алтынай Бекпаевналар оқушыларға өзінің жүрекжарды тілегін

жеткізіп, ғылым жолына тереңірек үңілуге шақырды. Ата-аналар да мектеп ұжымына алғыстарын айтып, осындай оқушылардың ой-өрісін, ғылым игеруге деген талпыныстартарын шыңдайтын іс-шаралардың жиі ұйымдастырылса деген ниеттерін білдірді.

24 мамыр күні мектептің ардагер ұстаздары мен жас мамандар арасындағы сабақтастық орнату мақсатында «Сырлы сұқбат – жарқын жүздесу» тақырыбында ардагер ұстаздармен кездесу кеші өтті. Тәжірибелі ұстаздар жас мамандарға келелі кеңестер айтып, болашаққа бағыт-бағдар көрсетті.

Педагогтер білім жетілдіру курстарына қажеттілікке сай жіберілді.

Тәрбие жұмысының тақырыбы: «Жаңа заманға бейімделген төзімді, рухани құнды, рух-жігері шыңдалған тұлға қалыптастыру»

Мақсаты:

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;

халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен

тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

III. Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;

Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;

Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;

Қазақ тілінің қолдануаясын кеңейту;

Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;

Қоғам игілігі үшін қызмет ету;

Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;

Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл;

Ар-ұят құндылығы:

Академиялық адалдыққағидатын қолдау;

Адал еңбекті құрметтеу;

Сөзіне берік, ісіне адал болу;

Халқына адал қызмет ету

Әдеп нормаларын ұстану;

Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;

Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту; - Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның.

Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Талап құндылығы:

Сыни және креативті ойлау;

Жеке және командамен жұмыс істей білу;

Білуге, жаңаны тануға құштар болу;

Физикалық белсенді болу;

Салауатты өмір салтын ұстану;

Технологиялық және цифрлық дағдыларды илгерілету; - Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;

Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бойынша атқарылған жұмыстар:

Азаматтық, патриоттық, құқықтық және полимәдениеттік тәрбие беру барысында оқушыларға ҚР мемлекеттік рәміздерін бағалап, ҚР Конституцияны құрметтеуге баулу жұмыстары атқарылды. Ана тіліне деген құрмет пен сүйіспеншілікті нығайту, өз құқықтарын мен міндеттерін біле келе жауапкершілікті сезіну, өз Отанының патриоты болуға тәрбие беру міндеттелді. Оқушылар мен мұғалім, ата-аналар арасында мектепте құқықтық жалпы білім беру жұмысы онлайн жүргізілді.

1 қыркүйек – Білім күні «Мектебім – мерейім мекенім» тақырыбындағы салтанатты сап түзеумен ашылды. 1,11 сынып оқушылары қатысты. Барлық сыныптарда осы тақырыптарда білім сабақтары өткізілді. Білім күні білім алушылар, олардың ата-аналары мен педагогтері арасында әлеуметтік желілерде 1-2 минуттық бейнеролик орналастырылды
<https://www.instagram.com/p/Cwp1eTcMg9T/?igsh=MTU5aWU2dWZiYTBjZg==>

5 қыркүйек – Қазақстан халықтарының тілдері күні

Қазақстан халықтарының тілдері мерекесіне орай қазақ тілі мен әдебиеті ӘБ ұйымдастырылуымен іс шаралар өтті.
<https://www.instagram.com/p/Cw2KrJ6LNkP/?igsh=dmJ5eGdubmN6MWI=>

Тілдер мерекесіне орай «Сұрақ – бізден, жауап сізден» айдарымен викториналық сұрақ жауап өтті. «Тіл ұлттың жаны» Тілін сүйетін, тарихын білетін ұрпақ тәрбиелеу – ұлт алдындағы борыш.
<https://www.instagram.com/reel/Cw40tw2rEIS/?igsh=MWtuY3ZwNXlxMTh0cg==>

«Физкултразминка» чаленжіне мектеп оқушыларының қатысты
<https://www.instagram.com/reel/Cw633K8Mx1Y/?igsh=MWh4cnkxcGcyb3htdw==>

Құқықбұзушылықтың алдын алу, жолда жүру ережелері мақсатында Есіл аудандық полиция бөлімінің аға лейтинанты Қ.Қ. Етекбаев жоғарғы сыныптар арасында дәріс сағатын өткізді
<https://www.instagram.com/p/CxH2Jj5MALw/?igsh=cDRmY2pqYm5vczhw>

Мектеп кітапханасының ұйымдастыруымен «Отбасы апталығына» орай «Әжемнің ертегілері» және жазды қалай өткіздің атты бейнероликтер жарияланды.

<https://www.instagram.com/p/CxFGFUpoO9b/?igsh=bnNzcGh6bjduMGxp>

Махамбет Өтемісұлының 220 жылдығына орай «Ұлы дала ұрпақтары» атты әдеби саз кеші ұйымдастырылды.
<https://www.instagram.com/p/CxKj-SYrdVy/?igsh=MTJ2bXRzZW5xcGx1OA==>

Ғұсман Қосанов бастаған аты аңызға айналған жеңіл атлеттердің ізбасарларын тәрбиелеу мақсатында 1000 метр қашықтықта жүгіруден жарыс өтті
<https://www.instagram.com/p/CxPQDwpodjo/?igsh=ZnpwcDNzbGgxM29l>

Отбасы апталығына орай «Отбасы fest» отбасылық жарыс өтті
<https://www.instagram.com/p/CxQZXWVoRFU/?igsh=MWg4OTh0dXEyajc0NQ==>

«Сынып сағаттарының тиімді жүргізілуі» атты семинар өтті. Семинар барысында Біртұтас тәрбие бағдарламасы жобасы талқыланды. Сондай - ақ буллингтің алдын алу шаралары талқыланды. Сынып жетекшілерге арналған семинар «Буллинг» тақырыбында ұйымдастырылды, күн тәртібінде «Киберқауіпсіздік» туралы ақпараттар айтылды. Бейнебаян

мен презентациялар көрсетілді. Интернеттің иірімінде жас сананың қауіпсіздігін қалай қамтамасыз ете аламыз? Дүниетанымы мен адамгершілік сана-сезіміенді ғана қалыптаса бастаған жасөспірім ғаламторда да «ғаламат» қауіп барын біле ме? Осы сұрақтар ортаға салынып, жалпы киберқауіпсіздік ұғымына анықтама берілді.

<https://www.instagram.com/p/Cxh-xaOLHU4/?igsh=NDBsYnVzZTdlM2Vu>

ЖЖЕ апталығына байланысты 1 – 4 сынып аралығында жолда жүру ережелеріментаныстырды. Есіл аудандық полиция басқармасынан жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу жөніндегі инспектор, аға лейтенанты бастауыш сыныптары оқушыларын жолдағы қауіпсіздік ережелерімен таныстырды.

Республика күніне арналған іс-жоспар негізінде 10 – 11 сыныптар аралығында әскери – әндер фестивалі өтті

<https://www.instagram.com/reel/C0QPaaYucSu/?igsh=MTU1MjY4ZGF0MzIqZA==>

«Отаныма жырлаймын» атты тәуелсіздік мерекесіне орай мәнерлеп өлең оқу сайысы өтті. Сайысқа жүрегі Отан деп соққан патриот оқушылар қатысты.

19-қаңтар күні Астана қаласы білім беру мекемелерінің оқушылары мен студенттері тәлімгер педагогтері арасында «Қар десанты» еріктілер эстафетасы өтті.

Эстофета мақсаты-жастарды еңбекке баулу, қоршаған ортаға деген қамқорлық сезімдерін ояту

<https://www.instagram.com/reel/C2ej9asrhvH/?igsh=MWVocmM2cXdhYms2bg==>

Астана қаласы білім басқармасының бірінғай тәрбие жоспары негізінде «Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу» тақырыбында ата –аналарды педогогикалық қолдау орталығының бастамасымен ашық күні ұйымдастырылды. Іс шараға білім алушылардың ата аналары мен мектеп ұжымы жаппай қатысты.

<https://www.instagram.com/reel/C2j6C4VrHvB/?igsh=dms0NXN0b2NtMnR5>

Дені саудың - жаны сау тақырыбында, денсаулық, салауатты өмірді насихаттау мақсатында 8-11 сыныптар арасында волейболдан оқушылар арасында жарыс өтті.

<https://www.instagram.com/reel/C29CZ8tOygb/?igsh=ZWJ6cjdwahF2c3Ew>

«Жүрегім толы мейірімге» атты қайырымдылық акциясы аясында 6-8 сынып арасында жәрмеңке өтті.

<https://www.instagram.com/reel/C3C3kVTryOU/?igsh=MXF4enlyOHE1ZnV4dg==>

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында Астана қаласы «асық ату» мен «бес тас» ойындарынан қалалық жарыс өтті. Жарысқа қаламыздың жүзге жуық мектеп оқушылары қатысты.

<https://www.instagram.com/reel/C3DCVi1M-fy/?igsh=MXVzb2twdjJ4a2t0dQ==>

II. Мектептің 2024 – 2025 оқу жылының мақсаттары мен міндеттері

Мектептің әдістемелік тақырыбы: *Зияткер жеке тұлғаны қалыптастыруда инновациялық білім беру кеңістігін құру.*

Мектептің миссиясы – *Білімді, шығармашыл, сыни ойлы тұлға тәрбиелеу.*

Мектептің мақсаты: Әр оқушының мүмкіндігін іске асыру үшін мұғалімнің шығармашылығы негізінде жағдай құру, білім үрдісін қамтамасыз етуде жасанды интеллект, цифрлық платформаларды қолдану арқылы мұғалімдердің құзыреттілігін, олардың педагогикалық шеберлік деңгейін үздіксіз жетілдіру.

Мектептің міндеттері:

- ✓ Оқу үдерісінің барлық қатысушыларының заңды құқықтары мен қызығушылықтарын барынша толығымен жүзеге асыратын ашық білім беру ортасын ашу;
- ✓ Әр педагогтің кәсіптік дамуы туралы ақпараттық банк құру (есепке алу, сараптау, талдау, бағалау);
- ✓ Білім алушылардың академиялық адалдығын дамыту;
- ✓ Білім беруді жақсарту үшін жасанды интеллектіні қолдану;
- ✓ Бастауыш сыныптан бастап сыныптарды бағыттарға жіктеу, сол бағыттарды тереңдету арқылы олимпиадалық сыныптар дайындау;
- ✓ Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс жүргізу;
- ✓ Инновацияға жақын оқушылардың тізімін алып, шетелдік білім беру ұйымдарымен тығыз байланыс орнату;

Күтілетін нәтиже:

Функционалды сауатты, коммуникативтік дағдыларға ие, зияткер тұлға қалыптастыру.

III. МЕКТЕПТІҢ ЖҰМЫС ЦИКЛОГРАММАСЫ

№	Іс-шаралар	Айлар										
		8	9	10	11	12	1	2	3	4	5	6
1.	Педагогикалық кеңес	*			*		*		*		*	*
2.	Директордың қатысуымен өтетін жиналыс	2 аптада 1 рет – бейсенбі										
3.	Әкімшілік кеңес	2 аптада 1 рет – бейсенбі										
4.	Әдістемелік кеңес	*			*		*		*		*	
5.	Мектептік аттестаттау комиссиясының отырыстары		*				*		*		*	
6.	ӘБ отырыстары	*			*		*		*		*	
7.	Жас мамандар мектебі		*			*		*		*		
8.	Мектепішілік олимпиадалар			*	*	*				*		
9.	Оқушылардың ғылыми-практикалық конференциясы							*				
10.	Педагогтардың ғылыми-практикалық конференциясы									*		
11.	Әдістемелік семинарлар, коучингтер, менторинг			*	*	*	*	*	*	*		
12.	Мектепішілік бақылау		*	*	*	*	*	*	*	*	*	*
13.	Құқық бұзушылықтардың алдын алу кеңесінің отырыстары		*	*	*	*	*	*	*	*	*	*
14.	Психологтың консультациялары		*	*	*	*	*	*	*	*	*	*
15.	Психологиялық тренингтер		*	*	*	*	*	*	*	*	*	*

IV. МЕМЛЕКЕТТІК ЖАЛПЫҒА МІНДЕТТІ ОҚУМЕН ҚАМТУ

Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімдері
1	2	3	4
Мектептің шағын ауданы бойынша жалпылама оқуға тартуды жүзеге асыру	1.Жалпыға міндетті оқумен қамту айлығы.	ДОІЖО, директор	Шілде, тамыз
	1. 9-11 сынып оқушыларының нақты есебі, еңбекке араласуы туралы мәлімет.(5 қыркүйекке дейін) 2.Сынып жиынтығын анықтап бекіту.	ДОІЖО	Қыркүйек
	Жаңадан келген оқушылардың бейімделуін бақылау.Оқушылардың үйлеріне барып акт ЖБУ жасау.(2- апта)	Сынып жетекшілер. Педагог-психологтар	Қазан
	Тәртібіне қиындық бар балалардың психологиялық ерекшеліктерін айқындау. (ай бойы)	Сынып жетекшілер, психологтар, құқық бұзушылық бойынша менеджер	Қараша
	Мектепшілік жалпыға бірдей міндетті оқуға қатысты құжаттарды тексеру.(1-апта)	ДОІЖО	Желтоқсан
	Жалпыға бірдей міндетті оқумен қамту айлығы (қаңтар есебін жүргізу)	ДОТЖО	Қаңтар
	Кәсіптік бағдар беру мақсатында 9-11 сынып арасында оқушылармен сауалнама, тест, әңгіме жүргізу.	психолог ДТЮ	Ақпан
	Оқушылардың дәптер, күнделік оқулық ұсталымының реттілігін анықтау.	Кітапханашы,Сынып жетекшілер	Наурыз
	Оқушылардың қажеттілігіне қарай медико – педагогикалық комиссияға құжаттар дайындау.	Медбике, психолог, сынып жетекші	Қыркүйек сәуір

	9,11-сынып оқушыларының мамандық таңдау мақсатында мамандармен кездесуін ұйымдастыру.	ДОІЖО ДӘІЖО	Мамыр
Оқушылардың сабаққа қатысуын бақылау	Мектеп жасындағы балалардың толық мектепке қамтылуы барысында іс-шаралар ұйымдастыру, бекіту.		Тамыз
	1. Оқушылардың сабаққа қатысуын бақылау. Мектеп жұмысының режимінің орындалуын қадағалау. Әлеуметтік көмек көрсету, оқушыларға тұрмыстық жағдайына байланысты акт жасау.	ДТІЖО, тәлімгер, әлеуметтік педагог	Қыркүйек
	«Қиын» балалардың сабаққа келуіне ерекше бақылау жүргізу. (үнемі)	ДТІЖО, тәлімгер, педагог-психолог, сынып жетекшісі	Қазан
	Оқушылардың үйлерін аралап тұрмыс жағдайларына акт жасау	Сынып жетекшілер	Қараша
	Барлық сыныптардың мектептің Ішкі ережелерін сақтауын бақылау (үнемі). Сабақты көп босататын оқушылармен әңгіме жүргізу, оқушылардың сабаққа қатысуын қорытындылау. Апта сайын оқушылардың тәртібі, сабаққа қатысуы, мектеп өміріне араласу жайлы лездеме өткізу. Үлгерімі төмен оқушылардың сабаққа қатысуы, белсенділігі, тәртібіне талдау. (ай сайын) Оқушылардың ББД-ың, сабақ үлгерімін күнделікті бақылау. (күнделікті)	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, өзін –өзі басқару ұйымы, сынып жетекшілер	Тоқсан сайын
Денсаулық сақтау шаралары, техника қауіпсіздігі және санитарлық-	1. Арнайы комиссия шешімі бойынша ерекше қажеттілігі бар балалар мен үйден оқытылатын оқушыларды анықтау, тиісті құжаттарын жинақтау.	Медбике	Тамыз
			Қыркүйек

гигиеналық режим	1. 2-11 сынып оқушыларын медициналық тексеруден өткізу. (ай бойы) 2. Денсаулық күнін өткізу.	1.Медбике, сынып жетекшілер 2.Дене шынықтыру пән мұғалімдері	Қазан
	1. Техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша оқушылардың білімін жетілдіру.	Пән мұғалімдері	Қыркүйек Желтоқсан
	1. Қыс мезгіліне мектепті дайындау	1.Мектеп директоры, шаруаруашылық жөніндегі меңгеруші	Тамыз, қазан
	Оқушыларға төтенше қауіпсіздік жағдайлар бойынша ақпараттар беру	АӘД мұғалімі	Ақпан
	1.Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру 2. Оқушылардың жазғы демалысына іс-шара жоспарын жасауда қиын, жетім, жартылай жетім, көп балалы жанұядан шыққан, әлеуметтік жағынан аз қамтылған оқушыларды қамту. ТҚ ережелерін сақтау бойынша нұсқау беру	Сынып жетекшілер	Сәуір Мамыр
Құқық бұзушылық пен оның алдын-алу жұмыстары. Ерекше көңіл бөлуді қажет ететін балаларға психологиялық, педагогикалық көмек.	«Құқық бұзушылық» кеңесінің жұмысын ұйымдастыру.	«Құқық бұзушылық» менеджері	Ай сайын
	1.Үйірмелерді, таңдау сабақтарын спорт секцияларын ұйымдастыру. 2. Құқық бұзуға бейімді, қиын оқушылардың тізімін анықтау. 3. Аудандық ІІБ- нің ЖПҚ-ң ювеналды полиция тобымен тығыз байланыс.	ДТІЖО, ДӘІЖО ДТІЖО	Қыркүйек Қазан
	1. Оқушыларды сыныптан тыс іс-шаралармен қамту. (үнемі)	ДТІЖО, педагог-психолог, сынып жетекшілері	Қараша Желтоқсан

	2. Аудандық ІІБ-нің ЖПҚ-ң ювеналды полиция тобы қызметкерлерімен сәтсіз жанұяларға рейд	«Құқық бұзушылық» менеджері	
	«Құқықтық кеңес» жұмысын ұйымдастыру	«Құқық бұзушылық» менеджері	Қаңтар
	1. Оқушыларды сыныптан тыс іс-шаралармен қамту үйірмелерді, таңдау сабақтарын спорт секцияларын ұйымдастыру. 2. Құқық бұзуға бейімді, қиын оқушылардың тізімін анықтау. 3. Аудандық ІІБ-нің ЖПҚ-ң ювеналды полиция тобымен тығыз байланыс	ДТІЖО, ДБОЖО ДТІЖО	Ақпан
	1. Қалалық, Аудандық ІІБ-нің ЖПҚ-ң ювеналды полиция тобымен сәтсіз жанұяларға рейд.	ДТІЖО Сынып жетекшілер	Наурыз
			Сәуір
			Мамыр
Жалпыға міндетті оқумен қамту	«Жалпыға міндетті оқу» қорынан бөлінген қаржыны жоспарлау.	Мектеп әкімшілігі Әлеуметтік педагог	Тамыз
	1. Жетім, жартылай жетім, жағдайы төмен көп балалы жанұядағы оқушылардың тізімін анықтау. 2. Жеке құжаттарын тексеру. 3. ҰБДҚ, Алфавиттік кітаппен жұмыс. (ай бойы)	ДОІЖО мектеп хатшысы	Қыркүйек
			Қазан
	1. Жалпыға бірдей міндетті оқуға тарту		қыркүйек
	1. Оқушылардың жеке құжаттарын тексеру. 2. ҰБДҚ, Алфавиттік кітапқа өзгерістер енгізу. 3. Келген, кеткен оқушылардың құжаттарын тексеру	ДОІЖО, хатшы	Ақпан
	ҚР-ның жалпы білім беретін мектептерде оқушылардың сыныптан сыныпқа көшуі туралы нұсқаумен оқушыларды таныстыру	ДОІЖО	Наурыз

	1.Жыл бойғы оқушылар қозғалысы туралы есеп. 2. Журнал, табель, жинақ ведомосы, оқушылардың құжаттарын тексеру.	ДОІЖО	Сәуір Мамыр
Жетім, жартылай жетім, көп балалы, аз қамтылған отбасы балаларына әлеуметтік көмек, қаржыландыру.	Мектеп бойынша жетім, жартылай жетім, әлеуметтік жағдайы төмен, көп балалы жанұяларды анықтау, есепке алу.	Әлеуметтік педагог	Тамыз
	1.Жетім, жартылай жетім, , аз қамтылған отбасы, көп балалы жанұя балаларына қамқорлық көрсету үшін сол балалардың тізімін анықтау, бекіту. (10-на дейін) 2. «Қайырымдылық» акциясын ұйымдастыру.	Әлеуметтік педагог	Қыркүйек Қазан
	Аз қамтылған отбасы көмек көрсету мақсатында мониторинг жасау	Әлеуметтік педагог	Қараша Желтоқсан
	Асыраушысынан айырылған, аз қамтылған отбасы, көп балалы отбасылар үшін «Қайырымдылық акциясын» жүргізу.	Әлеуметтік педагог	Қаңтар
	1. Асыраушысынан айырылған, аз қамтылған, көп балалы жанұя балаларына қамқорлық көрсету үшін сол балалардың тізімін анықтау, тұрмыс жағдайын тексеру және тізімін бекіту.		Ақпан
			Наурыз
	1. «Жалпыға міндетті оқу қорының» орындалу жағдайы туралы есеп.	Арнайы комиссия	Сәуір Мамыр
Оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету, жеңілдіктер	1.Жаңа оқу жылына асхананың дайындық жұмыстары	Мектеп директоры, ДОІЖО, сынып жетекшілер, әлеуметтік педагог	Тамыз
			Қыркүйек
			Қазан
	1. Асыраушысынан айырылған, көп балалы, аз қамтылған балаларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету.	Әлеуметтік педагог	Қараша Желтоқсан
	1.Аспазшылардың тамақ түрлілігін тексеру.(үнемі)	Әлеуметтік педагог	Қаңтар

	2. Асыраушысынан айырылған, көп балалы, аз қамтылған отбасы балаларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету.			Ақпан
				Наурыз
				Сәуір
				Мамыр
Оқулықтармен қамтамасыз ету	1.Оқушыларға оқулықты тарату. 2. Оқулықтың сақталуы бойынша жұмыс	Кітапханашы, жетекшілер	сынып	Тамыз
				Қыркүйек
				Қазан
	1. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша жұмыс	ДТІЖО, жетекшілер, мұғалімдері	сынып пән	Қараша
				Желтоқсан
	1.Оқулықтар мен көркем әдебиеттер қорын толықтыруды қамтамасыз ету. (үнемі) 2.Оқулықтардың талапқа сай сақталуын анықтау үшін үнемі тексеріс рейдтерін жүргізу.	Кітапханашы, жетекшілер	сынып	Наурыз
				Сәуір
				Мамыр

V. МЕМЛЕКЕТТІК ЖАЛПЫҒА МІНДЕТТІ СТАНДАРТТЫҢ ОРЫНДАЛУЫ

P/c	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
	I. Жалпы оқумен қамту		
1	1-сыныпқа келетін оқушыларды қабылдау.	Сәуір-тамыз	1 -сынып мұғалімдері Педагог- психологтар
2	«Мектепке жол» қайырымдылық акциясын өткізу.	кесте бойынша	Мектеп әкімшілігі
	II. Қазақстан Республикасы жалпыға міндетті білім беру стандарты		
5	Шағын ауданы бойынша мектеп жасындағы балаларды толық қамту.	үнемі	Оқу ісі жөніндегі орынбасары
6	Жетім, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған отбасы балаларын әлеуметтік қорғау жұмысын жалғастыру, оларға тегін ыстық тамақ ұйымдастыру және әлеуметтік көмек көрсету.	үнемі	Мектеп-гимназия әкімшілігі
7	Мектеп оқушыларының денсаулығын сақтау бойынша жұмыстар	үнемі	Медбике
8	Пән мұғалімдерін мемлекеттік нормативтік құжаттармен, әдістемелік нұсқау хат, стандартпен таныстырып, талқылау.	үнемі	Бейіндік оқыту бойынша орынбасар
9	Жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттар деңгейіне жетуін қамтамасыз ету үшін бақылау жұмыстарын бастапқы, аралық, қорытынды бағылаулар арқылы оқушылардың білім сапасын қадағалау.	тоқсанына 1 рет	Оқу ісі жөніндегі орынбасарлар

11	Компьютерлік техникалық құралдармен жұмыста санитарлық-гигиеналық талаптар мен нормативтер сәйкестігін қамтамасыз ету		Мектеп әкімшілігі
	III. Оқыту мен тәрбие үдерісін жетілдіру		
1	Оқыту мен тәрбие үдерісін жалпы білім берудің мемлекеттік стандартына сай қамтамасыз етуді ұйымдастыру	үнемі	Мектеп әкімшілігі
2	Ғылыми жобалармен жұмыс, дарынды оқушылар базасын құру	үнемі	ДБО орынбасары, психолог
3	Сабақты зерттеу, іс әрекетті зерттеу әдістерін қолдау арқылы білім сапасын арттыру.	үнемі	ДБО орынбасары
4	5- сынып оқушыларының бейімделуін тексеру.	қазан	ДБОБ орынбасары
5	10-11 сынып оқушыларының қорытынды аттестаттауға дайындық жұмыстарын жүргізу.	үнемі	Оқу жұмысы жөніндегі орынбасар сынып жетекшілері
6	Негізгі пәндердің (инвариант) оқытылу жағдайын тексеру.	үнемі	Оқу ісі жөніндегі орынбасар сынып жетекшілері
7	Білім сапасына мониторинг жасау	Тоқсан қорытындысы	Оқу ісі жөніндегі орынбасар сынып жетекшілері
8	Мемлекеттік тілді насихаттау мақсатында іс-шара жоспарларын жүзеге асыру.	үнемі	Оқу- тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
9	Мерейлі даталар өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарымен жұмыс	үнемі	Оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
10	«Біртұтас тәрбие» бағдарлама жоспарын жүзеге асыру.	Үнемі	Оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
	IV. Дарынды балаларды қолдау		
1	Оқушыларды олимпиадаларға, ғылыми жоба жарыстарына, зияткерлік сайыстарға қатыстыру.	Кесте бойынша	Пән мұғалімдері

2	Жыл сайын ғылым негіздері бойынша «Зерде» жобасына қатыстыру	Кесте бойынша	Пән мұғалімдері
3	Оқулар мен мәнерлеп оқу сайыстарына қатыстыру.	Кесте бойынша	Пән мұғалімдері
4	«Президенттік олимпиадаға» 11 - сынып оқушыларын қатыстыру.	Қазан	ДБОЖЖО
5	Республикалық пәндік олимпиаданың мектепшілік кезеңін ұйымдастыру	Қазан	ДБОЖЖО
6	«Астана дарыны» дарындылықты дамыту және психологиялық сүйемелдеу жоспарына сәйкес сайыстарға қатысатын оқушылар үшін мектепшілік байқауға қатыстыру . (2-11)	қараша	Директордың бейіндік оқыту бойынша орынбасары
7	Интеллектуалдық марафондарға оқушылар қатыстыру.	Кесте бойынша	Пән мұғалімдері
8	Жасөспірімдер олимпиадасына қатыстыру	Кесте бойынша	ДБОЖЖО
9	Ұлттық олимпиадаға қатыстыру	Кесте бойынша	
10	«Алтын сақа» олимпиадасына қатыстыру	қыркүйек	Математика пәні мұғалімдері
11	«Алтын түлек» олимпиадасына 10-11-сынып оқушыларын қатыстыру	қазан	Математика пәні мұғалімдері
12	«Ғылымдағы дебют» конкурсына қатысу	Кесте бойынша	
13	Республикалық, халықаралық жобаларға қатыстыру	Кесте бойынша	
14	5-6 сыныптарға арналған «Kazakhstan Speaks English» байқауына қатыстыру	қаңтар	
	V. Әдістемелік жұмыстар		

1	«Жетекші және серіктес мектеп» жобасы бойынша іс-тәжірибелерді жинақтау, тарату, қалалық конференция қатысу №82, №85 мектептер	жыл бойы	ДБОЖЖО
2	Мұғалімдердің кәсіби деңгейінің көтеріліп тәжірибе жинақтауына негіз болатын семинар-практикумдар, байқаулар, шебер-сабақтар өткізу. 1. «Жаңа мектепке жаңашыл ұстаз» конкурсы 2. Лессон стади –коучинг,семинар, конференция, форум	кесте бойынша наурыз сәуір, қазан	
3	«Жасанды интеллект мүмкіндіктері» тақырыбында қалалық конкурс	ақпан	ДБОЖЖО
4	Сабақ өткізудің сапасын арттыруға бағытталған жаңашыл әдіс-тәсілдері тәжірибеге енгізу	үнемі	Пән мұғалімдері
5	Қысқа мерзімді жоспар, орта мерзімді ұзақ мерзімді жоспарын тексеру.	үнемі	ДОЖЖО
6	«Tester.kz» платформасымен жұмыс.	кесте бойынша	ДОЖЖО
7	Мектеп ұжымын педагогтерді аттестаттау ережесімен таныстыру.	Қазан, сәуір	ДБОЖЖО
8	Зерттеу (LS) сабақтарын өткізу.	кесте бойынша	ДБОЖЖО
9	Сыныптан тыс іс шаралар өткізу. Онкүндіктер.	кесте бойынша	ДБОЖЖО
10	Білімін жетілдіру жұмыстарын жүзеге асыру	кесте бойынша	ДБОЖЖО
11	5-6 сыныптарға арналған «Kazakhstan Speaks English» байқауын ұйымдастыру	Сәуір,2024	ДБОЖЖО
12	«LESSON STUDY сабақтағы іс-әрекетті зерттеу тиімділігі» тақырыбында қалалық семинар ұйымдастыру	Сәуір,2024	ДБОЖЖО

	VI. Оқулықтармен жұмыс		
1	Жаңа буын оқулықтармен жұмыс істейтін тәжірибелі мұғалімдердің үлгісі іс-тәжірибелерін тарату.	үнемі	Мектеп директоры
2	Бастауыш сыныптарда жаңа буын оқулықтарын толық меңгертуіне, оқу үдерісіне енгізуге және әдістемелік көмекші құралдармен қамтамасыз етілуіне жағдай жасау.	үнемі	Мектеп директоры
	VII. Конференциялар, семинарлар, байқаулар, олимпиадалар		
1	«Гуманитарлық пәндерді тиімді оқыту тәсілдері» семинар-практикум	03.10	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері
2	"An artificial intelligence in teaching process" семинар	01.10	Ағылшын тілі пән бірлестігі
3	«Шығармашыл ұстаз – жаңашыл мұғалім: оқу үрдісіндегі заманауи технологиялар мен интерактивті әдістер» семинар	10.10	МИФ пән бірлестігі
4	«Сұрақты қалай қоямын?» танымдық семинар	17.10	Жолдыбева Л.Т., жас мамандар
5	«Робототехника әлеміне шақырамыз» шебер-сынып	23.10	Информатика пәні мұғалімдері
6	«Тиімді әдіс тәсілдер – сапалы білім кепілі» семинар	14.11	Бастауыш сыныптар (қазақ)
7	"Жасанды интелекті сабақтарда қолданудың тиімділігі"	22.11	Жаратылыстану бағытындағы пәндер бірлестігі
8	Орыс тілі пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен семинар	05.12	Примбетова М.Ж.
9	«Тарих - ұлттық- құндылықтың бастауы» семинар	19.12	Тарих пәні бірлестігі
10	МИФ бірлестігі семинары	16.01	Уалкенова К.
11	Дене шынықтыру пәні бірлестігі Мұғалімдер арасында сайыс	30.01	Малькаждаров М.Р.
12	«Использование цифровых образовательных ресурсов на уроках в начальных классах» творческая мастерская	13.02	Бастауыш (орыс) сыныптар
13	"Жасанды интеллект мүмкіндіктері арқылы ағылшын тілі дағдыларын дамытудың заманауи жолдары"	27.02	Шаймарданова Н.Б.
14	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні семинар	13.03	Муканова Г.С.

15	Орыс тілі мен әдебиеті	27.03	Примбетова М.Ж
16	Жаратылыстану бағытындағы пәндер семинары	10.04	Сулейменова З.Б.
17	Тарих пәні семинары	24.04	Унербаева М.А.
18	Эстетикалық бағыттағы пәндер семинары	08.05	Кожобекова Г.А.
	IX. Тәрбие жұмыстары.	жыл бойы	Мектеп әкімшілігі
1	Оқушылардың мемлекеттік рәміздер мен атрибуттарға қошемет көрсетуін, сыйлауын, Қазақстандық патриотизімді түсінуін олардың бойынша сіңіру.	жыл бойы	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сынып жетекшісі
2	Оқушыларға Отанымыздың халықтарының адамгершілік салттарын, тарихын, ұлттық мәдениетін, байлықтары мен идеяларын дәріптеу.	жыл бойы	Сынып жетекшілер
3	Оқушыларға экономикалық мәдениетті, табиғат байлығы мен ресурстарын сақтауды қалыптастыру, олардың демократиялық өзгерістеріне ынтасын, мәдениетін жетілдіре отырып, дағдыға айналдыруын қалыптастыру.	кестеге сай	Сынып жетекшілер
4	Оқушылар арасында құқықтық тәртіп бұзушылықтың, насақорлықтың, маскүнемдіктің, темекі шекпеудің алдын алу, құқықтық жалпы оқуды ұйымдастыру.	жыл бойы	Сынып жетекшілер
5	Мектепті спорттық және әскери-оқу құралдармен қамтамасыз ету шараларын жүзеге асыру.	жыл бойы	Дене шынықтыру пәні мұғалімдері
6	Жасөспірімдер арасында салауатты өмір сүру қағидасы бойынша тәрбиелік мәні бар жұмыстар жүргізу. Туризм, спорт, денсаулық, демалыс акцияларының жұмысын жандандыру.	жыл бойы	Дене шынықтыру пәні мұғалімдері
7	Денсаулықты күтуге байланысты акциялар өткізу-туризм күні, денсаулық күні, денсаулық сақтау бұрыштарын рәсімдеу.	жыл бойы	Оқу ісі жөніндегі орынбасары
8	«Денсаулық күні» ата-ана ,оқушы, мұғалім спорттық іс шара өткізу.	жыл бойы	Пән мұғалімдері

9	Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын, мәдениетін күшейтуге байланысты өткізілетін іс-шараға ата-аналарды жұмылдыру, ашық сабақтар, Ақылды бейсенбі жобасы, -атақты спортшылармен кездесу -викториналар, дөңгелек үстелдер -спорттық жарыстар өткізу	кестеге сай	Тәрбие ісі орынбасары
10	Ұлттық спорт түрлерін өткізуді насихаттау		
11	Жас ерекшеліктеріне қарай президенттік тесттерді өткізуді ұйымдастыру.	жыл бойы	Дене шынықтыру пәні мұғалімі
12	Мектепте жұмыс істейтін педагогтардың озық үлгілері іс-тәжірибесін қала көлемінде тарату	кестеге сай	Мектеп әкімшілігі
13	Спорт және әскери оқу түрлері бойынша мектепшілік, аудандық жарыстарды жоспар бойынша өткізу.	кестеге сай	Сынып жетекшілері
14	Жазғы демалыс кезінде жеткіншектер үшін «Жазғы мектепті» ұйымдастыру		
	Х. Еңбекке оқыту, тәрбиелеу және оқытушыларға кәсіптік бағдар беру.	үнемі	Мектеп әкімшілігі
1	Жалпы білім беретін мектептердің металл, ағаш шеберханаларының, еңбек қызметін кәсіптік бағдар беру кабинеттерінің материалдық базасын 1-4,5-9,10-11 сыныптар оқушыларына арналған жоспарына сәйкес жетілдіру жұмысын әрі жалғастыру.	үнемі	Оқу ісі жөніндегі орынбасары
2	Жалпы білім беретін мектептер жанынан қосалқы шаруашылық құру, оқу өндірістік бригадасы мен еңбек және тынығу лагерінің жұмысын ұйымдастыруды жалғастыру.	үнемі	Оқу ісі жөніндегі орынбасары
3	Оқушылар арасында кәсіптік бағдар беру жұмысын жандандырып, мектеп бітірушілерді еңбекке орналастыру жұмыстарын тиянақты жүргізу.	Үнемі	Оқу ісі жөніндегі орынбасары
	XI. Педагог қызметкерлер		

1	Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері, олардың әлеуметтік кепілдері «Білім туралы» «Педагог мәртбесі» т.б Заңдарына сәйкес орындалуын қамтамасыз ету.	үнемі	Мектеп әкімшілігі
2	Оқу бағдарламалары мен жоспарын оқып-үйренуге көмектесу, бағыт- бағдар беру.	қараша	Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары
3	Арнайы курс бағдарламаларын тексеру, пікір талап ету.	үнемі	Оқу ісі жөніндегі орынбасары
4	Пән мұғалімдер өз пәндерін үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс іс-шараларын ұйымдастыру.	үнемі	Оқу ісі жөніндегі орынбасары
	ХІІ. Мектептің материалдық-техникалық базасы және шаруашылық қызметі.	үнемі	Мектеп әкімшілігі, шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары,пән мұғалімдері
1	Мектепті жаңа оқу жылына дайындау.Білім ұйымының көгалдандыруына, безендірілуіне (мазмұны, тәрбиелік мәні,рәсімдерді дұрыс пайдалануы, көркемдігі,тартымдылығы) талап қою	үнемі	Мектеп әкімшілігі, шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары,пән мұғалімдері
2	Мектеп мүлкін есепке алып, оқытудың техникалық құралдарының сақталуын қамтамасыз ету.	үнемі	Мектеп әкімшілігі, шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары,пән мұғалімдері
3	Оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету, оның сақталуына көңіл бөлу.	үнемі	Кітапханашы
4	Электрондық оқулықтар қорын ноутбуктерге жүктеу, толықтыру.	үнемі	Кітапханашы, инженер
5	Химия,биология, география кабинеттерін және зертханаларналарын ақпараттық құралдармен, дидактикалық материалдармен заман талабына сай жабдықтау .	үнемі	ДШЖО

VI. МЕКТЕПШІЛІК БАҚЫЛАУ ЖОСПАРЫ

Түсінік хат

Білім беру саласындағы инновациялармен байланысты динамикалық өзгерістер мектеп әкімшілігінен білім беру процесін тиімді іске асыру үшін өзгерістерді жоспарлау мен басқаруда жаңа тәсілдерін іздене отырып қолдану.

Білім беру ұйымының заманауи басшысында басқару құзыреттілігін, өзінде стратегиялық көшбасшылық дағдыларын дамыта отырып, бүкіл мектеп командасының тиімді жұмыс нәтижесіне бағыттау алға қойылған. Алға қойылған білім беру процесін ұйымдастыруда білім беру ұйымы қызметінің барлық бағыттары бойынша мектепшілік бақылауды 2023-2024 оқу жылдың SWOT талдауын:

ОЖЖ- Білім сапасын арттыру мақсатында лицей сыныптарындағы оқушы санын 24 –тен арттырмау;

- ✓ Лицей сыныптарының техникалық-инженерлік бағытта қызығушылықтарын арттыру;
- ✓ Мотивациясы төмен сыныптармен жұмысты күшейту, ата-аналарды жұмылдыру, қосымша сабақтар кестесін бекіту;
- ✓ Инклюзивті білім беруде әлеуметтендіру бағытында жүйелі жұмыс жүргізуді негізге ала отырып мектепшілік бақылау жұмысында негізге алдық.

ҒБЖ- Мұғалімдердің білімін жетілдіру курстарынан өтуін жоспарлы ұйымдастыру;

- ✓ Педагог қызметкерлердің шығармашылық жұмысын жандандыру мақсатында мектеп тренерлер жұмысын және сабақты зерттеу тобын құру;
- ✓ «Жас мамандар мектебі» жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында жұмысын жалғастыру;
- ✓ Мұғалімдердің озық тәжірибелерін тарату мақсатында қалалық, республикалық семинарлар мен конференция, форум, олимпиадаларына қатыстыру;
- ✓ Дарынды оқушылармен жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында олимпиада мен ғылыми жобаға қатысушы, резервтегі оқушылардың базасын жасау;

✓ Мотивациясы төмен сыныптармен жұмысты күшейту, ата-аналармен бірлескен жұмыс, қосымша сабақтар кестесін бекіту;

ТЖ- Тәрбие жұмыс бағытындағы сынып жетекшілерінің құжаттарының жүргізілуі.

Жоғарыдағы аталған ұсыныстарды 2023-2024 оқу жылында мектепшілік бақылау жұмысында негізге алынды.

Бақылауға және жақсартуға байланысты басқарушылық міндеттерді іске асыру үшін жыл сайын әрбір мектеп "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізуге міндетті құжаттардың Тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы" ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына сәйкес мектепшілік бақылау жоспарын әзірлейді (бұдан ары - МІБ).

Мектебіміздің тақырыбы:

Зияткер жеке тұлғаны қалыптастыруда инновациялық білім беру кеңістігін құру

Мектепшілік бақылау жоспарының 6 бағыты бойынша төмендігідей міндеттерді өткен оқу жылының жұмысын саралай отырып жүзеге асырамыз:

1. Нормативтік құжаттардың орындалуын және талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау;

2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының Заңдарын және басқа да заңнама актілерін басшылыққа алуы және оқыту процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылады. Инклюзивті білім беру саласында нормативтік-құқықтық актілерді жүзеге асыру;

2. Оқу процесінің сапасын бақылау;

XXI ғасырдағы ортаны технологияландыру оқыту мақсаттарын білім алушылардың метапәндік және жеке тұлғалық нәтижелерге қол жеткізуіне, олардың қабілеттері мен алған білімдерін қолдана отырып, нақты өмірдегі мәселелерді шешуге дайын болуына, цифрлық технологияларды қолдана отырып, өзекті ақпарат негізінде шешім қабылдауға баса назар аударуды қажет ететін жұмыстар жүргізіледі. Педагогтердің функционалды сауаттылығы аясында PISA, PIRLS, TIMSS халықаралық мониторингтік салыстырмалы зерттеулерді және ББЖМ (МОДО) білім беру ұйымдарынан тәуелсіз, оқыту сапасын жүйелі бақылау, оқу процесінде қолдануы;

3. Оқушылардың білімдегі олқылықтарының орнын толтыру бойынша және үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты бақылау;

Білім алушылардың білім сапасына үнемі мониторинг жүргізіп, қорытындыларын тұжырымдай отырып, барлық оқу пәндері бойынша білімдегі олқылықтарды анықтау. Мектепшілік іс-шараларды (педагогикалық кеңес, директор

